

**Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының
білім алушылары арасында Наурыз мерекесіне арналған фотосурет
әуесқойларының «Шуақты көктем» тақырыбында республикалық
сырттай байқауды өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылар арасында Наурыз мерекесіне арналған «Шуақты көктем» тақырыбында республикалық сырттай байқауды өткізу ережелері (бұдан әрі - Байқау) байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты – шығармашылық танымдық қызметке тарту, олардың қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына, тұрақты қызығушылығын, белсенді өмірлік ұстанымын, туған елге, Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- ✓ қоршаған ортаға эстетикалық қабылдауды қалыптастыру;
- ✓ өскелең ұрпақты Отан сүйгіштікке тәрбиелеу;
- ✓ балалар мен жастар арасында сурет өнерін насихаттау;
- ✓ балалардың бірегей ойларын анықтау;
- ✓ балалардың шығармашылық белсенділігін және өзін-өзі

дамытуы үшін жағдай жасау.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2015 жылғы 18 наурыз - 16 мамыр аралығында** балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес **2015 жылғы 16 мамырға дейін** iao.konkurs@mail.ru электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: +7 (7172) 24 93 05, 8 771 830 79 57 Кенжебек Хұрметұлы.

7. **2015 жылғы 16 мамырдан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес.

9. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

10. Байқауға қатысу үшін 1000 (мың теңге) төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, Банк Центр Кредит АҚ.

Иик KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16

КНП: 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақы мақсаты: «Шуақты көктем» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөнін міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, **iao.konkurs@mail.ru** электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау **2015 жылғы 25 мамырда** жүргізіледі.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

12. Байқауға 12-17 жастағы білім алушылар жас санаттары бойынша қатыса алады:

- ✓ орта жастағы санат: 12-14 жас;
- ✓ жоғарғы жастағы санат: 15-17 жас.

13. Байқау келесі **номинациялар** бойынша өткізіледі:

1) «Көктемгі қиял»

2) «Наурыз менің қаламда (ауылда)».

14. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес қабылданады:

Байқауға электрондық нысандағы түрлі-түсті және ақ-қара жұмыстар қабылданады (А4 - форматта).

Жұмыстар жиексіз, жазусыз, безендірілмеген болуы керек.

Фотосурет авторлық, сапасы жақсы, тақырыпқа және номинацияға сай болуы тиіс.

Байқауға жіберілген фотосуреттер келесі талаптарға сәйкес қабылданбайды:

- ✓ фотосуреттер байқаудың тақырыбына сай келмесе;
- ✓ фотосуреттің көркемдік немесе техникалық сапасы төмен жағдайда.

15. Бөгде адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыста қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністерінің суреттері, адамның немесе бір топ адамдардың кез келген түрде қадір-қасиетін кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

- ✓ жұмыс көлемі 10 мб аспауы тиіс
- ✓ фотосурет форматы-jpg,png.

16. Байқау жұмысының толтыру тәртібі:

Байқау жұмысы титул парағында көрсетіледі:

- ✓ облыс, аудан (қала) ауыл;
- ✓ білім беру ұйымының атауы;
- ✓ байқау мен номинацияның атауы;
- ✓ аты-жөні, автордың жасы;
- ✓ оқу орны, сынып, электрондық пошта;
- ✓ жетекшінің аты-жөні, (бар болған жағдайда);
- ✓ жетекшінің лауазымы, жұмыс орны.

17. Байқауға бір немесе екі номинациядағы жұмыстар қабылданады, бірақ бір қатысушыдан әр номинацияда бір жұмыстан артық болмауы тиіс.

18. Байқау қорытындысының соңында жеңімпаз қатысушылардың ең үздік жұмыстары www.ziyatker.org сайтында жарияланады.

19. Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.org сайтында «Галерея.Мұражай.Көрме», «Ұстаз-Шәкірт» қауымдастығының («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) тіркелуі тиіс.

20. «Шуақты көктем» байқауының бағалау критерийлері:

- ✓ байқаудың тақырыбы, мақсат міндеттері сәйкес болуы;
- ✓ байқаудың тақырыбын ашу;
- ✓ композициялық түрлі- түсті келістіру;
- ✓ техникалық орындалуы мен ойдың түпнұсқалығы;

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

21. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

22. Байқауда жүлделі орындарына ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың және қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі.